КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 тамыз Іс №7119-25-00-2/8017 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ALAIif» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҰЖЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2025 жылғы 15 мамырда Талапкер мен жауапкер арасында 18 950 теңге тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, ол бойынша жауапкер шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде тауарды жеткізу міндеттенді.

Алайда, осы уақытқа дейін жауапкер шарттық міндеттемелерін орындамайды.

2025 жылғы 15 шілдеде шарт біржақты бұзылды.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 8-бабы 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі - 1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің; 2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің; 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

өнім берушілердің; 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сот анықтағандай, жауапкер шартта белгіленген мерзімде тауарды жеткізілмеген, шарт біржақты бұзылды, шарттың бұзылғаны сот арқылы заңсыз деген сот шешімі жоқ, бұл тапсырыс беруші үшін белгілі бір теріс салдардың туындауына әкеп соққан.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 14.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.09.2025, судья Есибаев К. Б., 22.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жауапкер «ALAIif» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«ALAIif» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ALAIif» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есибаев К.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 14.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.09.2025, судья Есибаев К. Б., 22.09.2025

7119-25-3-1/7939